


Кітапхана құнды әдебиетпен толығуда



«Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы аясында 23 сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қорына Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі, Жаңаарқа ауданының құрметті азаматы Бұқа Әшімовтың келіні Зұбайра Әшімова және ұрпақтары Думан мен Айсұлтан кітаптарды сыйға тартты.

Қорымыз құнды көркем әдебиеттермен, балаларға арналған ертегілермен толықты. Зұбайра апай мен балаларына шексіз алғысымызды білдіреміз!

С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесін ұжымы